

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 шілдедегі N 756 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2002 жылғы 7 қазанда Кишинев қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н  
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

**Кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелері бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығы туралы  
Келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Үкіметтері,

1989 жылғы 20 қарашада БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған Балалардың құқықтары туралы Конвенциямен бекітілген балаларды ерекше қорғау қағидаттарын **басшылыққа ала отырып,**

кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі күшті біріктірудің маңызын **ескере отырып** және олардың игілігіне қамқорлық таныта отырып,

қорғансыз қалған кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелері бойынша ынтымақтастық кәмелетке толмағандар тарапынан болатын, сонымен қатар оларға қарсы бағытталған құқық бұзушылықтардың алдын алуға ықпал жасайды деп есептей отырып,

**төмендегілер туралы келісті:**

**1-бап**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай терминдер пайдаланылады:

**кәмелетке толмаған** - орналасқан мемлекеттің заңнамасына сәйкес кәмелеттік жасқа жетпеген және осы заңнамаға сәйкес өзі орналасуы тиіс мемлекетті дербес анықтауға құқығы жоқ адам;

**ата-аналық қамқорлық және қорғаншылық құқығы** - заңға, сот немесе әкімшілік органның шешіміне сәйкес жеке немесе заңды тұлғаға берілген кәмелетке толмағанның тұратын жерін анықтайтын құқық;

**мамандандырылған мекеме** - құқық бұзушылық жасаған немесе қорғансыз қалған кәмелетке толмағандарды уақытша ұстау мен орналастыруды ұлттық заңнамаға сәйкес жүзеге асыратын мекеме;

**қорғансыз қалған кәмелетке толмаған** - ата-аналары немесе заңды өкілдері тарапынан бақылаусыз қалған, өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін не оларды құқық бұзушылықтар және өзге де құқыққа қарсы әрекеттер жасауға итермелейтін жағдайда жүрген кәмелетке толмаған;

**тұрақты тұратын мемлекеті** - ата-аналық қамқорлық пен қорғаншылықты жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар тұратын мемлекет;

**кәмелетке толмағандарды тасымалдаумен байланысты шығыстар** - кәмелетке толмағандардың тұрақты тұратын мемлекеттеріндегі мамандандырылған мекемеге дейін жүретін жолының құны;

орналасқан мемлекеттегі мамандандырылған мекеменің еріп жүрген адамдарының тұрақты тұратын мемлекеттегі мамандандырылған мекемеге дейін, қайтар жолын қоса алғандағы жүретін жолының құны;

кәмелетке толмағандарды тамақтандыруға жұмсалатын шығыстар;

орналасқан мемлекеттегі мамандандырылған мекеменің еріп жүрген адамдарына белгіленген нормалар бойынша берілетін тәуліктік және пәтерлік төлемдерді қоса алғандағы қаржылық шығыстар.

## **2-бап**

Тараптардың құзыретті органдары қорғансыз қалған кәмелетке толмағандарды іздеуді және оларды тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтаруды жүзеге асыруда сұрау салудың негізінде бір біріне көмек көрсетеді.

Мамандандырылған мекемеге орналасқан кәмелетке толмағанды қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе үкімді орындау үшін басқа мемлекет іздестіріп жатқан болса, ол халықаралық шарттармен қарастырылған негіздерде және тәртіппен осы мемлекетке беріледі.

Тұрақты тұратын мемлекеттерінде қалдырылған кәмелетке толмағандар, ата-аналық қамқорлықты және қорғаншылықты жүзеге асырушы және басқа Тараптың аумағында

тұратын жеке немесе заңды тұлғалардың рұқсатынсыз басқа Тарап мемлекетінің мамандандырылған мекемесіне осы Тарап мемлекетінің заңнамасымен қарастырылған тәртіпте және жағдайларда орналасулары мүмкін.

### **3-бап**

Тараптар мамандандырылған мекемеге орналасқан барлық кәмелетке толмағандарға игілікті және тең жағдайлар жасауға міндеттенеді.

### **4-бап**

Мамандандырылған мекемеге орналастырылған кәмелетке толмағандар ол жерде жеке басын, болатын мемлекетке келген себептері мен жағдайларын анықтау және кейіннен оларды тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару үшін ұсталады.

### **5-бап**

Тараптардың құзыретті органдары басқа мемлекеттің аумағында тұратын кәмелетке толмағанның жеке басын анықтау мақсатында оның тұрақты тұратын мемлекетін анықтауға мүмкіндік беретін ақпаратты, сондай-ақ, қажет болғанда, тұрақты тұратын мемлекетке тасымалдау кезінде кәмелетке толмағандар мен оларға еріп жүретін адамдардың мемлекеттік шекараны кесіп өтулері үшін талап етілетін құжаттарды сұрау салу бойынша қайтарусыз беретін болады. Кәмелетке толмағанның тұрақты жері туралы ата-аналық қамқорлықты және қорғаншылықты жүзеге асырушы жеке немесе заңды тұлғаға, сондай-ақ орналасқан мемлекеттегі кәмелетке толмағанның тұрақты тұратын мемлекетінің дипломатиялық өкілдігіне (консулдық мекемесіне) хабар береді.

### **6-бап**

Мамандандырылған мекемеде ұсталатын кәмелетке толмағандар оларға еріп жүру үшін келген ата-аналық қамқорлық пен қорғаншылықты жүзеге асырушы адамдарға, не тұрақты тұратын мемлекеттегі мамандандырылған мекеменің адамдарына тиісті құжаттардың негізінде беріледі.

Осы баптың бірінші бөлімінде көрсетілген адамдардың мамандандырылған мекемеде ұсталушы кәмелетке толмағандарға еріп жүруге мүмкіндігі жоқ деген хабар алған кезде кәмелетке толмағандар осы хабарды алған сәттен бастап 30 тәулік ішінде олар болатын мемлекеттегі мамандандырылған мекеменің лауазымды адамдарының еріп жүруімен осы Келісімге қосымшада көрсетілген жақын жердегі мамандандырылған мекемеге жеткізілуі тиіс.

## **7-бап**

Мамандандырылған мекемелердегі кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған шығыстарды осындай жайттар туындаған мемлекеттің аумағындағы Тарап көтереді.

Кәмелетке толмағандарды тасымалдаумен байланысты шығыстарды олардың тұрақты тұратын мемлекеті көтереді.

Осы Келісімнің I-бабында қарастырылмаған шығыстар Тараптардың келісімі бойынша өтеледі.

Кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне тасымалдау барысында олар болған мемлекет Тарапы көтерген шығыстарды басқа Тарап өздеріне тиісті есептік қаржы құжаттар ұсынылған сәттен бастап 30 күндік мерзімде өтейді.

## **8-бап**

Тараптардың құзыретті органдары мамандандырылған мекемелерге және кәмелетке толмағандарды тұрақты тұратын мемлекеттеріне апаратын адамдарға қайту, транзиттік жол жүру, визалар ресімдеу кезінде және осылармен байланысты туындаған басқа да мәселелерді шешуде көмек көрсетеді.

## **9-бап**

Тараптардың құзыретті органдары мамандандырылған мекемелердің жұмыс тәжірибесімен, сондай-ақ олардың қызмет саласына қатысы бар оқу және әдістемелік әдебиеттермен алмасады.

## **10-бап**

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің ережелерін іске асыруға жауапты құзыретті органдарды (шешілетін мәселелер шеңберін көрсете отырып) белгілейді, және бұл жөнінде оның күшіне енуіне қажетті мемлекет ішіндегі рәсімдерді орындағаны туралы ақпарат ұсынумен қатар депозитарийге хабарлайды.

Депозитарий Тараптардан алған хабарламалардың негізінде Құзыретті органдардың тізімдемесін жасайды, оны Келісімнің барлық қатысушыларына жібереді, сондай-ақ Тараптардан алған хабарламалардың негізінде осы Тізімдемедегі барлық өзгерістерді хабарлайды.

## **11-бап**

Тараптар ынтымақтастықты жүзеге асыруда осы Келісімнің шеңберінде орыс тілін қолданады.

## **12-бап**

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың құқықтары мен міндеттерін, олардың мемлекеті мүше болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша қозғамайды.

## **13-бап**

Осы Келісім осы Келісімнен туындайтын міндеттерді өзіне қабылдауға дайын басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Олар қосылу туралы құжатты депозитарийге беруі тиіс.

## **14-бап**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің 16-бабында қарастырылған тәртіппен күшіне енетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамамен ресімделген өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **15-бап**

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптардың кеңесулері немесе келіссөздері арқылы шешіледі.

## **16-бап**

Осы Келісім оған қол қойған Тараптар оның күшіне енуіне қажетті мемлекет ішіндегі рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарийге сақтауға берген күннен бастап күшіне енеді.

Қажетті рәсімді кешіктіріп орындаған Тарап үшін Келісім тиісті құжаттарды депозитарийге тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

## **17-бап**

Егер Тараптар өзгеше шешім қабылдаса, осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады.

Әрбір Тарап депозитарийге шығуына дейін 6 ай мерзімнен кешіктірмей, жазбаша түрде хабарлама жіберіп, осы Келісімнен шығуы мүмкін.

Тиісті Тарап Келісімнен шығу сәтінде өзі осы Келісімге қатысқан кезде туындаған барлық материалдар мен қаржылық міндеттерді орындауы тиіс.

**Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.10.2015 № 826 қаулысымен.**

2002 жылғы 7 қазанда Кишенев қаласында орыс тіліндегі түпнұсқалы бір данада жасалды. Түпнұсқалы дана оның куәландырылған көшірмелерін осы Келісімге қол

қойған әрбір мемлекетке жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақталады.

Әзірбайжан Республикасының

Үкіметі үшін

Армения Республикасының

Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Грузия Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының

Молдова Республикасының

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін

Түрікменстан Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының

Үкіметі үшін

Украина Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелері бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығы туралы келісімге қосымша

Тұрақты тұратын жерлеріне қайтарылатын кәмелетке толмағандарды мемлекетаралық тасымалдау белгіленетін транзиттік мекемелердің

Тізбесі

Әзірбайжан Республикасында Баку қаласындағы қабылдау-тарату орны

Армения Республикасында Армения Республикасының Ішкіісмині арқылы Ереван қаласындағы Балаларды қабылдау және бейімдеу орталығы

Беларусь Республикасында Минск облыстық атқару комитеті ІБ-нің Кәмелетке толмағандарға арналған қабылдау-тарату орны

Грузияда Тбилиси, Батуми қалаларындағы қабылдау-тарату орындары

Қазақстан Республикасында Алматы, Ақтау, Өскемен, Орал, Петропавл, Павлодар және Шымкент қалаларындағы кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оналту орталықтары

Қырғыз Республикасында Бішкек қаласындағы кәмелетке толмағандарды бейімдеу және оналту

орталығы

Молдова Республикасында Кишинев қаласындағы Кәмелетке  
толмағандарға арналған республикалық  
қабылдау-тарату орны

Ресей Федерациясында Екатеринбург, Краснояр, Мәскеу,  
Нижнетагил, Новосибирь, Ростов,  
Самар, Санкт-Петербург, Сочи және  
Хабаров қалаларындағы құқық бұзушы  
кәмелетке толмағандарға арналған  
уақытша оқшаулау орталықтары;  
Белгород, Мәскеу, Орынбор,  
Санкт-Петербург қалаларындағы  
кәмелетке толмағандарға арналған  
әлеуметтік-оңалту орталықтары,  
Махачкала, Хабаров қалаларындағы,  
Смоленск облысының балаларға  
арналған әлеуметтік баспаналар

Тәжікстан Республикасында Тәжікстан Республикасы Ішкіісминінің  
Душанбе қаласындағы кәмелетке  
толмағандарға арналған  
қабылдау-тарату орны

Түрікменстанда Ашхабад қаласындағы қабылдау-тарату  
орны

Өзбекстан Республикасында Ташкент облысы ІІБ-нің Янгиюль  
кәмелетке толмағандарға арналған  
қабылдау-тарату орны

Украинада Украина Ішкіісминінің Киев  
қаласындағы Бас басқармасының,  
Украина Ішкіісминінің Харьков  
облысындағы Басқармасының кәмелетке  
толмағандарға арналған  
қабылдау-тарату орындары

\* Осы тізбеге өзгерістер мен толықтырулар тиісті Тараптың депозитарийге  
жазбаша хабарлама жіберуі арқылы енгізілуі мүмкін.

Кишинев - 07.10.2002 03.10.2002 16:30 10202081